

# «Бір жұп үшін» АКЦИЯСЫНЫҢ РЕСМИ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы

«11» сәуір 2024 ж.

Осы «Бір жұп үшін» акциясына қатысу ережелері (әрі қарай – «Акция») «Food Solutions KZ» ЖШС (әрі қарай – «Ұйымдастырушы») мен Акция қатысушысы арасындағы келісім болып табылады. Акцияға қатысу ерікті түрде болады және Ұйымдастырушының <https://www.FM.kz> адресі бойынша ресми веб-сайтында (әрі қарай – «Ресми сайт») орналастырылған Акция Қатысушыларының осы Акцияны өткізудің ресми ережелерімен (әрі қарай – «Ережелер») танысқанын және сөзсіз келісетінін білдіреді. Акция құмар ойын болып табылмайды және құмар ойындардың кез келген түрі ретінде пайдаланылуы мүмкін емес.

## 1. Жалпы ережелер

**1.1. Акция Ұйымдастырушысы:** Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Тимирязев көш., 18 «А» мекенжайы бойынша орналасқан «Fm» тауар белгісімен өз қызметін жүзеге асыратын жылдам қызмет көрсететін мейрамханалар желісін ұсынатын «Food Solutions KZ» ЖШС;

**1.2. Акцияның өткізілу кезеңі:** 2024 жылғы 11 сәуір (Алматы қаласы бойынша сағат 00:00 бастап) – 2024 жылғы 18 мамыр (Алматы қаласы бойынша сағат 23:59 дейін);

**1.3. Акцияны өткізетін «Fm» тауар белгісі бар жылдам қызмет көрсету мейрамханалары (әрі қарай – «Мейрамхана») орналасқан қалалар мен олардың мекенжайлары:**

1.3.1. Алматы қаласында:

- Райымбек даңғ., 239Г
- Мамыр-4 көш., 197
- Төле би көш., 41, (Қонаев к-сінің қиылысында)
- Розыбакиев көш. 247а
- Минин көш., 14/1 (Бұхар Жырау - Байтұрсынов)
- Мақатаев көш., 127/1 | Сейфуллин даңғ, 483
- Мұстафин көш., 5а
- Аксай-2 ықшам ауданы, 8 а
- Шевченко көш., 85А (Сейфуллин көш. қиылысында)
- Тимирязев көш., 38/3-үй
- Маршак көш., 151
- Ташкент даңғыл жолы, 17 "К", Aport Mall СОК
- Сейфуллин даңғ. 9В

1.3.2. Астана қаласында:

- Петров көш., 24 Г
- Қабанбай батыр 62, Mega Silk Way СОО
- Қабанбай батыр 26 даңғ.
- Сарыарқа даңғ., 9 "Д"
- Бөгенбай батыр даңғ., 49, Әуезов көш. қиыл.
- Достық көш. 9, «Керуен» СОО
- «Байқоңыр» ауданы, Өндіріс көш., 96

1.3.3. Ақтөбе қаласында:

- Әбілхайыр Хан көш., 96

1.3.4. Атырау қаласында:

- Қаныш Сәтпаев даңғылы, 52а

1.3.5. Қарағанды қаласында:

- Бұхар-Жырау даңғ., 75/14

- Қостанай қаласында:
  - Тәуелсіздік, 41

**1.4. Сыйлық – «Бір жұп үшін»**– осы Акция Ережелерінің барлық шарттарын орындаған Акция Қатысушысына берілетін сыйлық;

**1.5.** Ұйымдастырушы кез келген уақытта Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған жолдармен Акцияның мерзімі, жүлде қоры мен өткізу шарттарын толықтыру және/немесе өзгерту, сонымен қатар Акцияның өткізілуін тұтастай немесе бір бөлігін тоқтату, уақытша тоқтата тұру, болдырмау құқығына ие. Айтарлықтай өзгерістер туралы ақпарат Ресми Сайтта орналастырылады.

## **2. Акция Қатысушысы**

2.1. Акцияға Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын, соның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығы бар әрекет етуге қабілетті жеке тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тұруға ықтиярхаты бар және осы Ережелердің («Қатысушы») барлық шарттарын жеке өзі, өз күшімен және құралдарымен орындаған шетел азаматтары ғана қатыса алады.

2.2. Акцияға Ұйымдастырушының, онымен үлестес тұлғалардың қызметкерлері, осы Ережелердің барлық шарттарын өз күштерімен және құралдарымен жеке өзі орындаған олардың отбасы мүшелері қатыса алады.

2.3. Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерін және Акцияның осы шарттарын ескере отырып, өз қалауымен осы Акцияға бейілділік карталарын, чектерді және Акцияға қатысуға құқық беретін өзге де құжаттарды қолдан жасаған немесе қолдан жасаудан пайда көретін немесе Акцияның осы шарттарын бұза отырып әрекет ететін, деструктивті түрде әрекет ететін немесе өзге де жосықсыз әрекеттерді, соның ішінде осы Акциямен байланысты болуы мүмкін кез келген басқа тұлғаны ренжіту, қорлау, қорқыту немесе алаңдату ниетімен жүзеге асыратын кез келген тұлғаға Акцияға қатысуды жарамсыз деп тани алады, сондай-ақ одан әрі қатысуға тыйым сала алады.

## **3. Акцияға қатысу сипаттамасы мен шарттары**

3.1. Осы Ережелерге сәйкес Қатысушы осы Ережелерде көзделген барлық шарттар орындалған жағдайда, осы Ережелердің 1.4-т. көрсетілген Сыйлықты ұтып алу мүмкіндігіне ие болады.

3.2. Акцияға қатысу үшін:

**Күнделікті 11.04.2024 ж. – 18.05.2024 ж. аралығында Мейрамхана ашылған сәттен бастап (Мейрамхананың жұмыс кестесіне сәйкес):**

- Ұйымдастырушының Мейрамханасында келесі тәсілдердің бірімен Чизбургерге немесе Дабл Чизбургерге және Coca-Cola Zero Sugar 0,4л (әрі қарай – Акциялық ұсыныс) тапсырыс беру:

- Мейрамхана залындағы кассада;
- I'MDrive-та;
- өзіне-өзі қызмет көрсету киоскісінде;

Акцияға қатысу үшін Акциялық ұсынысқа: Чизбургерге немесе Дабл Чизбургерге және Coca-Cola Zero Sugar 0,4 л екі есе порцияда тапсырыс берсең жеткілікті;

- Осы Ережелермен танысу;

3.3. Акцияның бүкіл өткізілу кезеңінде Акция Қатысушысы Акцияға қатысу ұсынысын шексіз рет пайдалана алады. Акцияға қатысу үшін келесілер негіз болып табылмайды:

- Акциялық ұсыныстан тыс басқа жеке бургерлерді сатып алу;
- Чизбургерді немесе Дабл Чизбургерді жеке сатып алу;
- Coca-Cola Zero Sugar сусынын жеке сатып алу;

– Ұйымдастырушының Мейрамханалар желісінде, Акцияға кіретін позицияларды қоспағанда, кез келген сомаға кез келген басқа затты сатып алу;

3.4. Акцияға қатыса отырып, Акция Қатысушысы Ережелермен танысқанын және олардың шарттарымен келісетінін растайды.

#### **4. Сыйлықты алу тәртібі**

4.1. Акциялық ұсыныс бойынша – 1800 (бір мың сегіз жүз) теңгеге екі Чизбургер мен екі Coca-Cola Zero Sugar 0,4 л немесе 2400 (екі мың төрт жүз) теңгеге екі Дабл Чизбургер мен екі Coca-Cola Zero Sugar 0,4 л сусынын сатып алған Қатысушыға сыйлық беріледі.

4.2. Сыйлық алу үшін төменде көрсетілген шарттарды орындау қажет:

● **11.04.2024 ж. – 18.05.2024 ж. аралығында күн сайын Мейрамхана ашылған сәттен бастап (Мейрамхананың жұмыс кестесіне сәйкес)** Акцияға қатысатын Ұйымдастырушының жылдам қызмет көрсету мейрамханалары желісінде Мейрамхана мәзіріндегі арнайы акциялық ұсынысын қолдану.

4.3. Акция Сыйлығын тек осы Ережелерде анықталған шарттармен оны алу құқығына ие болған Акция Қатысушылары ала алады.

4.4. Мейрамхана залындағы кассада немесе ГМ Drive-та: Қатысушы «Бір жұп үшін» Акциялық ұсынысы арқылы сатып алады.

4.5. Өзіне-өзі қызмет көрсету киоскісі арқылы сатып алған кезде: Қатысушы «Бір жұп үшін» Акциялық ұсынысы арқылы сатып алады.

4.6. Акция сыйлығы ауыстырылмайды және қайтарылмайды.

4.7. Осы Акцияда серіктестер арқылы жеткізу қарастырылмаған.

4.8. Сыйлықты ақшалай түрде немесе басқа заттай беруге рұқсат етілмейді.

4.9. Сыйлықтың сыртқы түрі Акцияның жарнамалық материалдарындағы суреттен өзгеше болуы мүмкін.

4.10. Акция Ұйымдастырушысы Акцияның Сыйлық Қорының жалпы көлемін ұлғайту немесе кеміту немесе Акцияға осы Ережелерде қарастырылмаған қосымша Сыйлықтар қосу құқығын өзіне қалдырады. Мұндай өзгерістер орын алса, Ұйымдастырушы ол туралы осы Ережелерде көрсетілген тәртіпте хабарлайды.

#### **5. Акция Қатысушысының құқықтары мен міндеттері**

5.1. Акция Қатысушысының құқықтары:

- Ережелермен танысу;
- Осы Ережелермен анықталған тәртіпте Акцияға қатысу.
- Осы Ережелермен көзделген әдіспен Ережелердің өзгеруі туралы ақпарат алу.

5.2. Акция Қатысушысының міндеттері:

- Осы Ережелердің шарттарын орындау;
- Акция Қатысушысы Акция Сыйлықтарының бірін алу құқығына ие болды деп анықталған жағдайда, Қатысушы осы Ережелердің 3-бабында көрсетілген барлық қажетті іс-әрекетті орындауға міндетті.

– Акцияға қатыса отырып, сондай-ақ жеке деректер болып табылатын кез келген ақпаратты бере отырып, Қатысушы өзінің дербес деректерін: орналасқан қаласын, толық аты-жөнін, жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, телефон нөмірін, электрондық пошта адресін, тұрғылықты мекенжайын жинауға, сақтауға, беруге және өңдеуге, Акцияны өткізуді, оның шарттарын, жарнамалық, маркетингтік және жаңалықтар жіберілімін жүзеге асыруды бақылау, сондай-ақ осындай пайдаланғаны үшін кез келген сыйақы төлемей маркетингтік мақсатта өзге де тікелей байланыстарды жүзеге асыру мақсатында Ұйымдастырушыға Қатысушының бейнесін, фотосуретін, сұхбатын немесе өзі туралы Акцияға қатысуға байланысты басқа да материалдарды пайдалану құқығына келісім береді. Келісім көрсетілген өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті жіберілген деректерді өңдеудің барлық түрлеріне қолданылады, соның ішінде, бірақ олармен шектелмейді: алу, жазу, сақтау, нақтылау, пайдалану, беру, алып тастау, жою.

Келісім осындай деректерді Ұйымдастырушыға берген сәттен бастап және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен осы келісімді кері қайтарып алған сәтке дейін қолданылады.

## **6. Акция Ұйымдастырушысының құқықтары мен міндеттері**

6.1. Ұйымдастырушының міндеттері:

- Осы Ережелерге сәйкес Акцияны өткізу;
- Осы Ережелердің барлық шарттарын толық және дұрыс орындаған Акцияның барлық Қатысушыларына Акция Сыйлығын беру.

6.2. Ұйымдастырушының құқықтары:

- Ұйымдастырушы Акцияның осы Ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған барлық құқықты қолданады.
- Осы Ережелердің 3-бабында көрсетілген барлық шартты дұрыс және толыққанды орындамаған Қатысушыға Сыйлық беруден бас тарту.
- Акцияның осы Ережелеріндегі талаптарына сай келмейтін Қатысушыға Сыйлық беруден бас тарту.
- Ұйымдастырушы Сыйлық беру үшін тұлғаның жеке басын анықтайтын қосымша құжаттар сұрату құқығын өзіне қалдырады.

## **7. Акция қатысушыларына Акция мерзімі мен оның өткізілу шарттары туралы хабарлау тәсілдері мен тәртібі**

7.1. Акция Қатысушылары мен Акцияның әлеуетті қатысушыларына Акцияның өткізілу тәртібі мен шарттары туралы хабарлау осы Ережелердің 1-бабында көрсетілген Акцияның өткізілу кезеңінде осы Ережелер мен Акция туралы ақпаратты орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

## **8. Суреттерді қолдану және контент модерациясы**

8.1. Қатысушы Акцияға қатысу туралы шешім қабылдай отырып, оның өз еркімен берген ақпаратын Ұйымдастырушының, оның уәкілетті өкілінің (осы Ережелерге сәйкес міндеттерін орындау және (немесе) жарнама мақсатында жарнама агенттіктеріне ұсыну мақсатында) өңдеуіне және оған Қатысушының қосымша келісімі қажет еместігіне, ол үшін Қатысушыға қандай да бір ақы төленбейтініне келісім береді.

## **9. Өзге шарттар**

9.1. Акция Қатысушысы Акцияның осы Ережелерін орындамаған жағдайда, оған Сыйлық берілмейді.

9.2. Акцияны өткізуге қатысты барлық мәселе бойынша Ұйымдастырушының шешімі ақырғы болып табылады және қайта қаралмайды.

9.3. Осы Ережелермен қарастырылған тәртіпте Ұйымдастырушы Акция туралы қосымша ақпарат жариялау құқығын өзіне қалдырады.

9.4. Ұйымдастырушы келесі жағдайларда Акция Сыйлығын беруді уақытша тоқтату немесе бас тарту құқығын өзіне қалдырады:

- Егер Қатысушы Ұйымдастырушыға Ережелерде көзделген барлық ақпаратты бермесе;
- Егер Қатысушы Акцияның осы Ережелеріндегі өзгедей талаптарды, сондай-ақ ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да шарттарды бұзса;
- Егер Ұйымдастырушыда Қатысушының Акцияға адал қатысуына қатысты қандай да бір күмән болса.

9.5. Сыйлық алған сәттен бастап Қатысушы оның кездейсоқ жоғалуы немесе бүлінуіне қатысты қатерді өз мойнына алады. Ұйымдастырушыға Қатысушыға берілген Сыйлықтың әрі қарайғы қолданылуына байланысты қандай да бір жауапкершілік жүктелмейді.

9.6. «Алудан бас тарту» себебі бойынша Сыйлық қайтарылған жағдайда, ол Қатысушыға қайта берілмейді. Осындай Сыйлықтарды алмау наразылықтары қабылданбайды.

9.7. Егер қандай да бір себептермен осы Акцияның кез келген аспектісі, соның ішінде компьютерлік вирустың зақымдауымен, Интернет желісінің жұмысындағы кемшіліктермен, ақаулықтармен, айлалы әрекеттермен, рұқсатсыз араласумен, бұрмалаумен, техникалық ақаулармен туындаған себептерді және Акцияның орындалуына, қауіпсіздігіне, тұтастығына және тиісті түрде өткізілуіне қатысты немесе Акцияны бұрмалайтын, Ұйымдастырушы бақылай алмайтын кез келген өзге себептерді қоса алғанда, жоспарланғандай өткізілмесе, Ұйымдастырушы өз қалауынша Акцияның күшін жоя, тоқтата, өзгерте немесе өткізілуін кідірте алады.

9.8. Бүкіл Акция Қатысушылары Акцияға қатысуларына байланысты туындаған шығындардың бәрін өздері төлейді.

9.9. Акцияның барлық нәтижелері мен Ұйымдастырушының шешімі ақырғы болып табылады және оларға шағым түсірілмеуі тиіс.

Ұйымдастырушының байланыс деректері:

Телефоны: +7 (727) 332 40 20

Поштасы: info@im.com.kz